

**Ұлытау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту туралы**

Ұлытау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 26 шілдедегі № 53 шешімі

Қазақстан Республикасының Су кодексінің 38-бабына, "Ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" 2021 жылғы 27 тамыздағы № 470 Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24170 болып тіркелген) сәйкес, Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ұлытау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы*

*Б.Шингисов*

Ұлытау облыстық мәслихатының

IV сессиясының

2023 жылғы 26 шілдедегі

№53

шешіміне қосымша

**Ұлытау облысы бойынша ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінен халыққа берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшері**

№	Тұтынушылар атауы	Төлем мөлшері, теңге/текше метр
1.	Ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін	50
2.	Ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін	70